

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.19 09:28

Регистрационный номер

18746

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.19 09:28

Код и наименование специальности:

07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)

Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W07130102 Электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі (түрлері және салалары бойынша)

Регион:

Шығыс Қазақстан облысы

Организация ТиППО (Разработчик):

" Электротехника колледжі" КМҚК

Партнеры-разработчики:

" Бірлескен энергосервистік компаниясы" АҚ филиалы Абай аймағы

Цель ОП:

Электр станцияларының электр машиналарын және олардың бөліктерін ауыстыру бойынша такелаждық жұмыстарды орындау, электр станцияларының электр жабдықтарының бөлшектерін өңдеу бойынша слесарлық жұмыстарды орындау, электр станцияларының құрылғылары мен жабдықтарын жөндеу бойынша практикалық міндеттерді дербес және жауапкершілікпен шешетін мамандарды даярлау

Уровень по НРК:

3

Уровень по ОРК:

3

Профессиональный стандарт (при наличии):

1. Электр жабдықтарын пайдалану және жөндеу, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2019 жылдың 5 мамырдағы №86 бұйрығы,
2. Электр жабдықтарына қызмет көрсету, монтаждау және баптау, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2020 жылдың 26 маусымдағы №132 бұйрығы,
3. Электр желілері қосалқы станцияларының жабдықтарына қызмет көрсету", "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2019 жылдың 18 желтоқсандағы №255 бұйрығы,

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

" Электромонтаж" құзыреттілігі

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

180

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

31.03.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№0067152

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№0067152

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

-

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины		обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
ЖБП 1. Қазақ тілі		Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті»,	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»	
ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам»	3/72
ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	
ЖБП 4. Ағылшын тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», « Controversial Issues », «Virtual reality», « Out of this World», «Stress and Fear», « Imagination and Creativity», « Reading for Pleasure», « Independent Project », « Making contact», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», « Interviews and instructions», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», « Social change</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	and further study», « Making statements and providing information», « Clothes journeys».	
ЖБП 5. Информатика	<p>Ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлі жайлы, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективалары туралы түсінігін қалыптастыру; жүйені талдау, шешім ұсыну, бағдарламалық қосымшалар жасау, талдау, абстракция, үлгілеу мен программалау арқылы әртүрлі тапсырмаларды шешу; Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету»; «Деректерді ұсыну»; «Ақпараттық процестер мен жүйелер»; «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру»; «Қосымшаларды әзірлеу»; «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік».</p>	2/48
ЖБП 6. Қазақстан тарихы	<p>Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».	
ЖБП 7. Өзін-өзі тану	Әрбір білім алушының ой, сөз және іс бірлігінде көрсетілген адам кемелдігінің гүлденуі үшін жағдай жасау арқылы өзінің рухани-адамгершілік табиғаты мен шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етеді. Білім алушылардың ажырату қабілетін және адамгершілік қасиеттерін дамыту, парыз, абырой, әділеттілікті ұғынуын нығайту болып табылады. Тұлғаның адамгершілік негізінің қалыптасуына, оның руханилығын өзін-өзі жетілдіруіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына септігін тигізеді. зін және басқа адамдарды қабылдау мен түсінулеріне, ашылып дамуына, әлеуметтік жауапкершілікке, шығармашылық белсенділікке және өмірді дұрыс қабылдай алуларына ықпал ете отырып, жігіттер мен қыздардың тұлғалық және кәсіби өсуіне жағдай туғызады.	2/48
ЖБП 8. Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін тереңдете және жан-жақты оқытуын қамтамасыз ету негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру. Пәннің	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "Мәдениеттің дамуы", "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".</p>	
ЖБП 9. География	<p>Қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, Геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».</p>	3/72
ЖБП 10. Математика	<p>Қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері және графигі», «Тригонометриялық функциялар»,</p>	8/192

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>«Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы», «Дәреже мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функцияның шегі және үзіліссіздігі», «Туынды және оның қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».</p>	
ЖБП 11. Физика	<p>Білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру, әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету; физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру; Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика»,</p>	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	
ЖБП 12. Химия	Зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсіну, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алу. ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Зат бөлшектері", "Химиялық реакциялардың өту заңдылықтары", "Химиялық реакциялардың энергетикасы", "Біздің айналамыздағы химия", "Химия және өмір".	6/144
ЖБП 13. Дене тәрбиесі	Білім алушыларды жеке және жас ерекшеліктерін ескере отыра, өз физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайтуға ынталандыру, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың дене қабілеттерінің дамуларына ықпал ету. Дене тәрбиесіндегі қауіпсіздік техникасын және салауатты өмір салтын сақтау; спорттың ойын түрлерінің (футбол, волейбол, баскетбол, гандбол және т. б., үстел теннисі) техникалық және тактикалық дайындыққа ие болу; саптық, жалпы дамыту, қолданбалы және акробатикалық жаттығулардың базалық деңгейін	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>орындау; гимнастикалық құрал-жабдықтарда базалық жаттығуларды орындау; ұлттық ойынының техникалық және тактикалық әрекеттерді орындау. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Дене шынықтыру туралы білім", "Дене тәрбиесі құралдары".</p>	
<p>ЖБП 14. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық</p>	<p>Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің ұйымдастырудағы заңдық негіздер. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттері. Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Ұрыстың теория мен тәжірибелік сұрақтарын қарсыласты жеңуде маңызды құрал ретінде меңгеру. Атыс қаруын қолданудағы бастапқы тәжірибелік дағдыларды меңгеру. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының саптық жарғыларының жалпы негіздері мен талаптарын орындау және білу. Бағдарлану әдістерін меңгеру. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі", "Әскери қызметтің құқықтық</p>	<p>4/96</p>

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	негіздері", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары", "Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "Саптық дайындық", "Әскери топография", "Әскери роботты техникалардың негіздері", "Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері", "Технологиялық дайындық". Оқу-далалық жиынының мазмұны: "Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары", "Саптық дайындық", "Әскери топография"	
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	2,5/60
	ОН 1.2. Дене қасиеттер мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	2,5/60
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24
	ОН 2.2 Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1/24
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1 Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	0,5/12
	ОН 3.2 Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және бағалау.	
	ОН 3.3 Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	0,5/12
	ОН 3.4 Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	0,5/12
	ОН 3.5 Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	0,5/12
КМ 1.Күрделілігі әртүрлі бөлшектер мен тораптарды өңдеу бойынша слесарлық, слесарлық-құрастыру жұмыстарын орындау	ОН 1.1 Техникалық сызбалары мен электр сұлбаларын оқу, бөлшектердің жиектерін сызу.	4/96
	ОН 1.2 Технологиялық машиналардың, аппараттардың және электротехниканың механикалық қозғалысының негізгі заңдарын қолдану.	4/96
	ОН 1.3 Слесарлық жұмыстарға дайындықты жүзеге асыру.	3/72
	ОН 1.4 Слесарлық және слесарлық-құрастыру жұмыстарын орындау кезінде аспаптар мен бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану.	3,5/84
	ОН 1.5 Құрастыру процесінде күрделіліктегі әртүрлі бөлшектер мен тораптарға слесарлық өңдеуді жүргізу.	3,5/84
КМ 2. Электр жабдықтарын монтаждау (нөлдік цикл)	ОН 2.1 Электр жабдықтарын таңдау.	6/144
	ОН 2.2 Такелаждық жұмыстарды жүргізу.	3/72
	ОН 2.3 Такелаж жабдықтары мен жарақтарына сынауды жүргізу.	3/72
	ОН 2.4 Қарапайым қосуды реттеуші аппараттар мен аспаптарға	7,5/180

Результаты		
Наименование № модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	монтаждауды және демонтаждауды орындау.	
	ОН 2.5 Электр жабдықтарын жөндеу кезінде қарапайым монтаждау және ұсталық жұмыстарды орындау.	11,5/276
КМ 3. Электр жабдықтарын жөндеуге дайындықты орындау	ОН 3.1 Электр жабдықтарының жарамдылығын тексеруді жүзеге асыру.	13/312
	ОН 3.2 Электр жабдықтарын жөндеуге арналған құралдар мен құрылғыларды дайындауды жүзеге асыру.	13/312
	ОН 3.3 Электр жабдықтарын жөндеу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу.	7,5/180
	ОН 3.4 Электр жабдықтарыны ағымдағы (ұсақ) жөндеу жұмыстарын жүргізу.	14/336
	ОН 3.5 Электр жабдықтарын жөндеуге техникалық құжаттаманы ресімдеу.	7,5/180
Аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау	-	7/168